**Мұнай өнімдерінің негізгі түрлеріне бағаны тұрақтандыру мәселесі бойынша ұсыныстар әзірлеу жөнінде жұмыс тобын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 8 қарашадағы N 333-ө Өкімі

1. Мұнай өнімдерінің негізгі түрлеріне бағаны тұрақтандыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Ақшолақов Болат Оралұлы - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар вице-министрі, жетекші

Маханов Бақыт Әбділдаұлы - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Мұнай өнеркәсібі департаменті мұнайды қайта өңдеуді ұйымдастыру және мұнай өнімдерінің айналымы бөлімінің бастығы, жетекшінің орынбасары

Жанысбеков Еркін Дәліханұлы - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Мұнай өнеркәсібі департаменті мұнайды қайта өңдеуді ұйымдастыру және мұнай өнімдерінің айналымы бөлімінің жетекші маманы, хатшы

Досмұратова Нұргүл Гинаятуллақызы - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті энергия ресурстарына кедендік бақылауды ұйымдастыру басқармасының бастығы

Құдайбергенов Нұрғали Сапарәліұлы - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті акциздерді әкімшілендіру басқармасы бастығының орынбасары

Әлімқұлов Еркеғали Амантайұлы - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Бәсекелестікті қорғау комитетінің

талдау және отын-энергетикалық кешенін реттеу бөлімінің бастығы

Мұстафина Роза Маратқызы - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Құбыржолдар мен су кәрізі жүйелері саласындағы реттеу және бақылау департаменті мұнай-газ құбыры көлігіндегі реттеу бөлімінің бастығы.

2. Жұмыс тобы 2007 жылғы 1 желтоқсанға дейінгі мерзімде мұнай өнімдерінің негізгі түрлеріне бағаны тұрақтандыру жөніндегі шаралар бойынша ұсыныстарды Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізсін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрі С.М. Мыңбаевқа жүктелсін.

*Премьер-Министр*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК